



Мектеп директоры Н.Касымбекова

**«№3 Ә.Молдагұлова атындағы жалпы білім беретін орта мектебінің» КММ
қыздар кеңесінің жылдық жоспары. 2023-2024 оку жылы**

p/c	Iс-шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	«Қызды қырық үйден тыю» Қыздар кеңесі тәрайымын және оның көмекшілерін сайлау, қыздар ережесі, әдебімен таныстыру	Қыркүйек	ДТІЖО Б.Тұрлыбеков Қыздар кеңесінің тәрайымы М.Сатымбекова Медбике Г.Досбаева
2	«Ерте жүктіліктің зардабы», «Репродуктивті денсаулық»	Қазан	ДТІЖО Б.Тұрлыбеков Қыздар кеңесінің тәрайымы М.Сатымбекова Медбике Г.Досбаева
3	«Салауатты өмір салтын насихаттау» Әңгіме	Қараша	Мектеп медбикесі Г.Досбаева
4	«Қызым саған айтам» баяндама (7-11 сыныптар)	Желтоқсан	ДТІЖО Б.Тұрлыбеков Қыздар кеңесінің тәрайымы М.Сатымбекова Медбике Г.Досбаева Мектеп психологы Ф.Еспулганова
5	«Ал, кәнекей қыздар!» сайыс сабак 10 сынып қыздары	Қантар	Қыздар кеңесі тәрайымы М.Сатымбекова Мектеп психологы Ф.Еспулганова Үйымдастырушы Г.Абдиева
6	Ерте жыныстық қарым- қатынасқа түсудің зияны. От басып калмашы, қазақ қызы!	Ақпан	Қыздар кеңесінің тәрайымы М.Сатымбекова Медбике Г.Досбаева Мектеп психологы Ф.Еспулганова 7-11 сынып жетекшілері
7	Өзін-өзі бағаламаудың денсаулыққа қауіптілігі, тыныс алу жаттығулары, қазақ қызы қандай болу керек.	Наурыз	Қыздар кеңесінің тәрайымы М.Сатымбекова Мектеп психологы Ф.Еспулганова
8	«Әдеп пен ар-ұят қыздың көркі» Сұхбат	Сәуір	ДТІЖО Б.Тұрлыбеков Қыздар кеңесінің тәрайымы М.Сатымбекова Мектеп психологы Ф.Еспулганова
9	Жазғы демалысты қалай өткіземіз? Әңгіме	Мамыр	Қыздар кеңесінің тәрайымы М.Сатымбекова Медбике Г.Досбаева Мектеп психологы Ф.Еспулганова Үйымдастырушы Г.Абдиева

Қыздар кеңесінің тәрайымы: *М.Сатымбекова*

Х А Т Т А М А С Ы

Абай ауылы

19.09.2023ж

Күн тәртібінде:

1. Қыздар кеңесі тәрайымын және оның көмекшілерін сайлау;
2. Қыздар ережесі, әдебімен таныстыру
3. Баяндама «Қызды қырық үйден тыю»

Тыңдалды:

Биылғы жылғы алғашқы отырысымызға мектептің тәрбие ісі жөн орынбасары – Б.Тұрлыбеков, мектеп медбикесі- Г.Досбаева, мектеп психологы-Ф.Еспулганова және әр сыныптың сынып жетекшілері қатысты.

10 «А»сынып жетекшісі-Сатымбекова.М

10 «Ә» сынып жетекшісі- Керімбекова Р

9 «Ә» сынып жетекшісі-Усеров С

9«А» сынып жетекшісі-Такирова А

11«Ә» сынып жетекшісі-Балабек Г

11 «А» сынып жетекшісі- Картекова Ұ

8 «Ә» сынып жетекшісі- Алтаева Ш

8 «А» сынып жетекшісі – Төлегенұлы Е

Болып бекітілгені айтЫЛДЫ. Алдымен жиында қыздар кеңесінің тәрайымы М.Сатымбекова ашып күн тәртібінен және жылдық жоспармен таныстырып алыш-қосарларын сұрады. Бәрі де оны қолдап жоспар өте қызықты да мәнді құрылған деп тапты.

Қыздар кеңесінің тәрайымы М.Сатымбекова болып қалуын көпшілік өтте қатты қалап отырганын айтты.Әр сыныптан тәрайымға көмекші ретінде сыныптың қыздар тәрайымы сайланды.

10«А» Мамараймова Ж

10 «Ә» Әбдіхалық А

11 «Ә» Қошан А

11 «А» Жұсіпбек А


Мектепте қыздардың формасы ақ кофта, қаракөк юбка, қыста қаракөк пиджак болып белгіленген. Ал ішкі тәртіпке келсек шашын өріп, ақ бантик тағу керек, алтын, сырғалар тағу, тырнақ өсіру, бояу женси шалбар, тым тар қысқа киу, бетін

бояуға болмайды. Әдепсіз сөйлеу, бақырып күлу, ер кісінің жолын кесу ежелден-ақ халқымызға жат қасиет екені белгілі. Снымен бірге қыздар кеңесінің тәрайымы М.Сатымбекова қыз баланың тәрбиесіне аса мән беру әрбір ата-ананың міндеті екенін айтып өтті. «Шешесін көріп қызын ал» деп халық мақалы бекер айтылмаған. Ежелден халқымыз қыз баланың тәрбиесіне аса назар аударып келеді себебі «Қыз қылығымен сүйкімді екенін естен шығармауымыз керек деп М.Сатымбекова «Қызды қырық үйден тыю» тақырыбында баяндама оқыды.

Баяндамада қазіргі кезде қыз тәрбиесіне байланысты сөз болды. Келген сыйып жетекшілерде өз пікірлерін айтып өтті. .

Қаулы етеді:

1. Қыздар кеңесі болып М.Сатымбекова тағайындалсын
2. қыздар ішкі тәртіпке сай болсын.
3. Қыздар әдепті болып жүрейік.

Кеңес тәрайымы:  М.Сатымбекова
Хатшы:  А.Тофысбай

«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінде жүргізілген қыздар жиналыстың

ХАТТАМАСЫ

Откізілген күн: 12.10.2023 ж

Откізілген орны: АКТ зал

Күн тәртібінде:

1. «Салауатты өмір салтын насихаттау» әңгіме
2. «АЙТВ/ЖИТС жұқпалы аурудың алдын алу»

Тындалды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп медбикесі Г.Досбаева «Дені сау адам-табиғаттың ең қымбат жемісі» деп тегін айтылмаса керек. Бірінші байлық-денсаулық дейміз. Бірақ осы сөздің салмағын шынайы сезініп, түсінбейтін секілдіміз.

Бұғынгі таңда өз тәуелсіздігін алған егеменді еліміз осы бағытта Қазақстан мектептеріне жан-жақты дамыған, денсаулығы мықты, салауатты өмір салтын мұрат еткен дара тұлғаларды тәрбиелеуді басты талап етіп қойған. Қазіргі кезде салауатты өмір салтын сактау туралы көп айтылуда.

Салауатты өмір салты дегеніміз- денсаулықты нығайту мен сактау, ағзаның дұрыс дамуын қамтамасыз ететін гигиеналық ережелерді орындау. Ол үшін денсаулықта жағымсыз әрекеттерден (нашақорлық, шылым шегу, ішімдік ішу, улы заттарға әуес болу) аулақ болу. Салауатты өмір салтын сактау сонысымен бағалы. Көне замандардағы ғұламалардың бірі Аристотель: «Жанды дene қозғалмаса өледі» - деген еken. Міне, сол тұжырымдама біз үшін салауатты өмір сұрудің негізгі ілімі болуға тиіс. Салауатты өмір салтын ұстануда спорттың рөлі зор. Денсаулыққа тек дene шынықтыру арқылы қол жеткізілуге болады. Дене қозғалысы адам ағзасын дамытып, жұмыс істеу қабілетін арттырады, ауруды алыстатып, өмірді ұзартады деп түсіндірді.

Екінші мәселе бойынша мектеп медбикесі Г.Досбаева «АЙТВ/ЖИТС жұқпалы аурудың алдын алу» бойынша баяндама оқып, зиянды әрекеттерден аулақ болуға күйзелісті болдырмауға әңгіме жүргізді. Окушылар ортаға шығып денсаулық туралы мақал-мәтел айтты. Окушыларға сұрақтар қойылып белсенді жауап берді.

Қыздар кеңесі төрайымы:  М.Сатымбекова

Хатшы:  А.Тофысбай

№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебінде оқитын 8-11 сынып қыздарымен «Гинеколог жас қыздарға қажет пе?» мақсатында жүргізілген жиналыстың

Х А Т Т А М А С Ы

Абай ауылы
18.10.2023ж

Күн тәртібінде:

1. Гинеколог жас қыздарға қажет пе? (медбике Г.Досбаева)
2. Бойдағы кемшіліктен арылу.(баяндама М.Сатымбекова)
3. Шаш күтімі . (кеңес .М.Сатымбекова)

Тындалды:

Жиынды кеңес төрайымы М.Сатымбекова ашып күн тәртібінде қозғалатын мәселемен таныстырыды.

Медбике г.Досбаева қыздарға гинекологиялық түрғыдан кеңес берді. Жаңа туған нәрестеде жатыр, жатыр түтігі жыныс бездері болатынын айтты. Әр қызбала 14 жастан кейін гинекология тексеруінен өтуі қажет. Бұл оның болашақта ана атануына , ұрықсыздықтың алдын алуға жәрдемдеседі. Жаңа басталған аурудың жолын қию керек. Тексеру қыын емес, жеңіл сыртқы жағынан немесе УЗД арқылы өтетін түсіндірді. Медбике қыздардан түрлі сұрақтар беріліп қанағаттандырылды.

Бойдағы кемшіліктен арылу үшін адам өзін-өзі сырттай сынни көзben бақылау қажет «Болмасаң да ұқсап бақ, бір жақсыны көрсөніз» деп Абай бабамыз айтқандай жақсыға еліктеі білген де дұрыс. Түзілмейтін мінез жок, тек ниет керек. Ол үшін өз идеалыңызды таңдау керек.Оның өмір сұру әдістерін өзіңе қолдану керек. Алға мақсат қойып , ұмтылған адам дегеніне жетеді..

Шашы жалтылдаپ, үсті-басы жинақы жүрген қыз сұлулыққа бір табан жақын екен. Ата-баба «қыздың көркі « шаш деп бекер айтпаған. Шаш күтімі туралы кеңестер қыздарға көбірек айттылған. Жиын қызықты да тартымды етті

Қаулы етеді:

- 1 Әрбір қыз ата-анасымен барып гинекологиядан тексеруден өтсін;
- 2 Жақсы адам болуға ұмтылсын.
- 3 Шаш күтімі қолға алынсын;
- 4 Мектеп тәртібі сақталынсын.

Жиналыс төрайымы:  М.Сатымбекова

Хатшы:  А. Тоғысбай

«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінде жүргізілген қыздар жиналыстың

ХАТТАМАСЫ

Откізілген күні: 22.11.2023 ж
Откізілген орны: АКТ зал

Күн тәртібінде:

3. «Салауатты өмір салтын насихаттау» әңгіме
4. «АЙТВ/ЖИТС жүқпалы аурудың алдын алу»

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп медбикесі Г.Досбаева «Дені сау адам-табиғаттың ең қымбат жемісі» деп тегін айтылмаса керек. Бірінші байлық-денсаулық дейміз. Бірақ осы сөздің салмағын шынайы сезініп, түсінбейтін секілдіміз.

Бүгінгі таңда өз тәуелсіздігін алған егеменді еліміз осы бағытта Қазақстан мектептеріне жан-жақты дамыған, денсаулығы мықты, салауатты өмір салтын мұрат еткен дара тұлғаларды тәрбиелеуді басты талап етіп қойған.

Қазіргі кезде салауатты өмір салтын сақтау туралы көп айттылуда.

Салауатты өмір салты дегеніміз- денсаулықты нығайту мен сақтау, ағзаның дұрыс дамуын қамтамасыз ететін гигиеналық ережелерді орындау. Ол үшін денсаулықта жағымсыз әрекеттерден (нашақорлық, шылым шегу, ішімдік ішу, улы заттарға әуес болу) аулақ болу. Салауатты өмір салтын сақтау сонысымен бағалы. Көне замандардағы ғұламалардың бірі Аристотель: «Жанды дene қозғалмаса өледі» - деген екен. Міне, сол тұжырымдама біз үшін салауатты өмір сүрудің негізгі ілімі болуға тиіс. Салауатты өмір салтын ұстануда спорттың рөлі зор. Денсаулыққа тек дene шынықтыру арқылы қол жеткізілуге болады. Дене қозғалысы адам ағзасын дамытып, жұмыс істеу қабілетін арттырады, ауруды алыстатып, өмірді ұзартады деп түсіндірді.

Екінші мәселе бойынша мектеп медбикесі Г.Досбаева «АЙТВ/ЖИТС жүқпалы аурудың алдын алу» бойынша баяндама оқып, зиянды әрекеттерден аулақ болуға күйзелісті болдырмауға әңгіме жүргізді. Оқушылар ортаға шығып денсаулық туралы мақал-мәтел айтты. Оқушыларға сұрақтар қойылып белсенді жауап берді.

Кыздар кеңесі төрайымы:  М.Сатымбекова

Хатшы:  А.Тоғысбай

«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінде жүргізілген қыздар жиналыстың

ХАТТАМАСЫ

Откізілген күні: 21.12.2023 ж

Откізілген орны: АКТ зал

Күн тәртібінде:

1. «Қызым саған айтам» баяндама
2. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп қыздар кеңесінің төрайымы М.Сатымбекова «Қызды қырық үйден тыю» осы бір нақыл сөзде қаншама мағана бар десенші. Ия, ертеде ата-бабаларымыз әлемдегі сұлулықтың көркем үлгісін ару қыздың тал бойынан көруді көксеген. Қазақ қауымында қыз баланың орны айрықша болған. Ата-бабаларымыз қызды қонақ деп есептеп, барған жерде бағының ашылуына үйде отырып қамдаған. Барынша ізетті, сыпайы, мейірімді де ісмер, қылышты да қырмызы болуын үнемі қадағалап отырған және еркін ұстаған, бірақ тым еркінсітпеген.

«Қыз мінезді келсін, ұл өнерлі келсін» деген оймен, қыз тәрбиесіне аса көңіл бөлген. Әр бір ата-ана қыздарын қанаттыға қактырмай тұмсықтыға шоқтырмай өсіруді парыз деп санаған және қыздың ар-ұятының сақшысы бәріне жауапты еkenін ешуақытта есінен шығармаған. Халқымыз ертеден қызды қонақ деп санап, төріне шығарып күткен. Бұл үрдіс жойылған жоқ, әлі де болса өз жалғасын табуда. Ертеде аналарымыз отбасы ошақ қасында, балаларының тәрбиесіне, ерінің қабағына қарап, сол үйдің түтін тұтатып отырған. Бұрындары әkenін қабағына қарап сөйлейтін қыз. Бұгінгі қызғалдақ қыздарымыз-ертеңгі ибалы да инабатты келін, болашақ ана, ақ жаулықты әже. Сондықтан иманы мен ибасы жүзінен байқалатын қазақ қыздарына ата-бабаларымыз қырық үйден тыйым салып, көзінен таса қалдырмай, тәрбиесіне үлкен мән берген. Қыз баланы құрметтеу, олардың алдында дөрекі сөйлемей, ізетті болу, киімнің әсем-сәндісін, әшекей бұйымдардың жақсысын қыздарына арнау ежелгі дәстүр. Қыз баланың тәрбиесі ата-анаға да үлкен сын болған деп сөзін аяқтады.

Қаулы етеді:

1. Әдемілікке ұмтылайық.
2. Әлемдегі ең сұлу қызы-қазақ қызы.

Қыздар кеңесі төрайымы:  М.Сатымбекова

Хатшы:  А.Тоғысбай

«№3 Ә.Молдағұлова атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінде жүргізілген қыздар жиналышының

ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 23.01.2024ж

Өткізілген орны: АКТ зал

Күн тәртібінде:

1. «Ал, кәнекей қыздар!» сайыс сабак
2. Қыздар мен сұрақ жауаптар өткізу



Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Н.Касымбекова сөз бастап бүгінгі «Ал, кәнекей қыздар» атты тақырыпта сайыс сабағын ашып қыздарымызға сәттілік тіледі. Мектеп қыздар кеңесі тәрайымы М.Сатымбекова сайыс шарттарымен әділ қазы алқаларымен таныстырып өтті. Бүгінгі сайысқа 10 сынып қыздары қатысты Қыздарымыз төрт топқа бөлініп берілген шарттарға байланысты өздерін жақсы жағынан көрсетіп орынданап шықты. Әділ қазы алқалары әділ шешіммен бүгінгі қыздарымызды жақсы жағынан бағалап сый құрмет көрсетіп мадақтама грамоталар берілді. Сайыс өте қызықты да тартымды көнілді өтті.

Екінші мәселе бойынша қыздарымызға сұрақ жауаптар қойылды. Сонымен бірге қыздар бір-бірімен мақал мәтелдер арқылы сайысып өз білімдерін көрсетті. Өз топтарына ат қойып мағынасын таныстыруды.

Қаулы етеді:

1. Қыздар жұмысы жандандырылсын.
2. Қыздар арасында сайыс сабақтар қолға алынсын

Қыздар тәрайымы:  М.Сатымбекова
Мектеп психологы:  Ф.Еспулганова

«№3 Ә.Молдагұлова атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінде жүргізілген қыздар жиналысының

ХАТТАМАСЫ

Откізілген күні: 14.02.2024ж

Откізілген орны: АКТ зал

Күн тәртібінде:

1. Ерте жыныстық қарым –қатынасқа түсудің зияны
2. Отбасып қалмашы, қазақ қызы!


Тындалы:

«Ерте жыныстық қарым-қатынасқа түсудің зияны» тақырыбында мектеп медбикесі Г.Досбаева баяндама оқыды. Баяндама тақырыбында қазіргі таңда жастарымыздың санасына отбасын құру және ұрпақ тәрбиесі туралы дұрыс пікірлерді сіңіру маңызды екенін, себебі адам баласының ұрық тазалығын сақтамауының кесірінен бүгінгі ұрпақ азып бара жатқанын айтып өтті.

Ерте жыныстық қатынасқа түсудің соңы неге әкеп соқтыратыны туралы жасөспірімдердің көпшілігі бейхабар. Жыныстық қатынастың ерте болуы: денсаулыққа қауіп төну, жыныстық жолмен жүгітін аурулар (ЖЖЖА), соның ішінде АИТВ/ЖИТС-қа алып келетіні жайлыш хабардар етті.

Осындай келенсіз жағдайларды алдын алу, жасөспірімдердің жыныстық қатынас жайлыш білімін арттыру мақсатында баяндама жүргізіп, барлық оқушылардың көкейінде жүрген сұрақтарға мектеп медбикесі Г.Досбаева жауап берді.

Екінші мәселе бойынша мектеп қыздар тәрайымы: М.Сатымбекова «Қыз оссе- елдің көркі» деген қазақ мақалының қалай, қашан пайда болғаны беймәлім деп сөз бастады .Әйтеуір, қазақ қазақ болғалы айтылып келе жатқан тәмсіл екені даусыз. Қапысыз тауып айтылған. Ежелден қызды ұлдан төмен көріп «Алтын басты әйелден бақыр басты ерек артық» дегенде оларды кемсіту мақсатында емес, қайта олардың табиғи нәзіктігін, әлсіздігін білдіру мағынасында айтылғанын түсінген жөн дер едім. Қыз бала- болашақ әйел, болашақ ана, шаңыракты ұстап тұрар уықтары, тіршілікті жалғастырушылар. Бірақ біраз уақыт бұрындары осы бір табиғи қағидалар ұмытылып, «еркекшора» қыздар көбейіп, сондай бір келенсіз бағыт алған жағдай болды.Оның өзі де заманның бір құбылмалы кезеңінің әсері болар. Орысша оқып, тәлім-тәрбие алғандардың дені сол бір бағыттағылар.

Қыздар кеңесі тәрайымы:  М.Сатымбекова

Хатшы:  А.Тоғысбай